



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 5 маусым

Базалық мөлшерлеме Қазақстанда 10,5% деңгейіне дейін төмендетілді

Бүгін Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені симметриялы +/-1% пайыздық мөлшерлеме дәлізімен 11%-дан 10,5%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Өтімділік беру операциялары бойынша мөлшерлеме 11,5%-ға дейін, ал өтімділікті алу операциялары бойынша 9,5%-ға дейін төмендетілді. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында телевизиялық БАҚ-қа арналған брифингте сөйлеген сөзінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Ол 2017 жылғы 10 сәуірде Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені төмендету мүмкіндігін белгілегенін еске салды. «Мөлшерлеме төмендетілуі мүмкін болатын жағдайлар расталды. Сонымен қатар ішкі экономика күткендегіден жылдам қарқынмен қайта қалпына келуде, – деді Д. Ақышев. – Мөлшерлемені төмендету туралы шешім экономика үшін ішкі нарықтың ақша-кредит саясатына жауап қатуымен де, ең маңыздысы мұнай бағасы мен Қазақстанның ірі сауда әріптестерінің айырбастау бағамы саясаты болып табылатын сыртқы күйзелістермен де байланысты тәуекелдердің оңтайлы теңгерімін көрсетеді».

Оның айтуынша, «жағымсыз күйзелістер болмаған жағдайда экономиканың дамуының базалық сценарийінің іске асырылуы алдағы 12 айда базалық мөлшерлеменің төмендеу үрдісінің жалғасуына жағдай жасайды». «Мөлшерлеменің одан әрі өзгеру жиілігі, жылдамдығы және көлемі инфляцияның нақты серпінінің нысаналы және болжамды көрсеткіштерге сәйкес келуі сияқты көрсеткіштермен, сондай-ақ депозит және кредит нарығының және тұтастай алғанда қаржы нарығының индикаторларымен айқындалатын болады. Нақты көрсеткіш бойынша базалық мөлшерлеме, яғни инфляцияның таргеттелетін деңгейін шегергендегі номиналдық мөлшерлеме Ұлттық Банк үшін маңызды бағдар болады. Оны 4%-дан асырмай, яғни экономиканың ұзақ мерзімді әлеуетті өсу қарқынымен сәйкес келетін деңгейде ұстап тұру жоспарланып отыр», – деп хабардар ете келе, «Қазақстан экономикасы үшін қолайсыздау сценарий жағдайында базалық мөлшерлемеге қатысты айтарлықтай консервативті тәсіл іске асырылатын болады» деп атап өтті ҚРҰБ басшысы. Бұл ретте Д. Ақышев Ұлттық Банктің алдын ала белгілі уақытша сипаттағы инфляцияны төмендету үшін кредиттік талаптарды қатаңдату арқылы, атап айтқанда, ұсыныстар жағындағы шығасылардың өсуімен байланысты және ақша-кредит саясаты тұрғысынан автономды сипаттағы инфляцияға ден қоюды негізді деп санамайтынын атап өтті. «Сұраныс жағында қолданылатын монетарлық талаптарды өзгерту болашақтағы жоспарланған инфляцияға тікелей әсер етпейді. Сонымен қатар Ұлттық Банк өз шешімдерінде ұзақ мерзімді болашақтағы ақша-кредит саясатының пәрменділігін шектей алатын кредит талаптарының тұрақсыздығымен байланысты

тәуекелдерді де ескереді. Артық өтімділікке қарамастан, банк капиталының шектеулігі қорландыру құнына қарағанда, кредиттің ұсынылуын шектейтін айтарлықтай маңызды фактор болып табылады», – деді Д. Ақышев.

Оның айтуынша, базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2017 жылғы 17 шілдеде Астана уақыты бойынша сағат 17.00-де жарияланатын болады.

Инфляция нысаналы аралық шегінде болуын жалғастыруда – Д. Ақышев

Базалық мөлшерлемені 10,5% деңгейіне дейін төмендету жөніндегі шешімді қабылдаудың негізгі факторлары мен алғышарттары туралы бүгін Алматы қаласында телевизиялық БАҚ-қа арналған брифингте сөйлеген сөзінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Мамырдың қорытындысы бойынша инфляция сәуірдегідей 7,5%-ды құрады. Инфляция өзінің төмендеуін азық-түліктің белгілі бір түрлерінің, атап айтқанда көкөніс пен ет бағасының маусымдық өсуімен сәйкес келген ұсыныс күйзелісінің есебінен баяулатты. Сонымен бірге мұндай өсу соңғы үш айда байқалып отырған азық-түліктің әлемдік бағасының төмендеуімен ішінара өтелуде. Сондықтан да азық-түлік инфляциясында айтарлықтай өзгерістер болып жатқан жоқ, инфляция нысаналы аралық шегінде қалып отыр», – деді Д. Ақышев.

Ол: «Біз болашақта азық-түлік тауарлары ұсынысының маусымдық өсуін күтеміз, бұл 3-тоқсанның соңына дейін жылдық инфляцияның баяулауына ықпал ететін болады. Жылдық инфляция өткен жылдың соңындағы төмен база салдарынан 4-тоқсанда аздап, қысқа кезеңге көтерілуі мүмкін. Алайда ақша-кредит талаптарын қатаңдату талап етілмейді. Кезекті болжам раундының нәтижелері жылдық инфляцияның Қазақстанда 2017 және 2018 жылдары нысаналы дәлізде болатынын көрсетіп отыр», – деп толықтырды.

Оның айтуынша, халықтың инфляцияның болашақтағы деңгейіне қатысты күтулері тұрақты болып қалуда. «Жекелеген ауытқулар айтарлықтай емес және жалпы үрдіске әсер етпейді. Пікіртерімдер халық бағалап отырған бағаның өсуі төмендегенін көрсетіп отыр. Күтілетін инфляцияның бір жыл алға арналған сандық бағалауы қалыптасқан инфляцияның мәнінен төмен деңгейде белгіленді, бұл оның 2018 жылға белгіленген нысаналы дәлізге біртіндеп жақындап жатқанын білдіреді», – деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Салымшылардың валютаға артықшылық беруінің теңге пайдасына ауысуы жалғасып отыр – Д. Ақышев

Бұл қолма-қол валюта нарығында және сол сияқты депозит нарығында байқалып отыр, – деп атап өтті бүгін Алматы қаласында телевизиялық БАҚ үшін өткен брифингте сөйлеген сөзінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев.

Бұрын Ұлттық Банк хабарлағандай, халықтың шетел валютасын сатып алу көлемі сәуір айында 88,4 млн. АҚШ долларына дейін 3 еседен астам төмендеді. «Мамыр айының алдын ала деректері бойынша депозиттердің құрылымында теңгедегі депозиттердің валюталық депозиттерден 2017 жылғы наурызда қол жеткізілген асып кетуі сақталып отыр, – деп түсіндірді Д. Ақышев. – Осы фактілерге халық пен валюта нарығының кәсіби қатысушыларының теңге бағамының ағымдағы деңгейде сақталуы бойынша тұрақты күтулері себепші болды. Жеткізілмейтін валюталық форвардтар бойынша мөлшерлемелер теңгенің ай ішіндегі әлсіреуі бойынша ең төменгі күтулерді көрсетіп отыр. Халық арасында жүргізілген пікіртерімнің нәтижесі бойынша теңге бағамының

өзгермейтінін немесе оның нығаюын күтушілер үлесінің өсуі жалғасып отыр».

«Ұлттық Банктің нетто-өктемдігінің көлемі нөлге тең. Бұл ахуал соңғы 9 айда жалғасып отыр», – деп хабарлады Д. Ақышев.

Оның айтуынша, Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері жыл басынан бері 915 млн. АҚШ долларына ұлғая отырып, мамыр айының соңында алдын ала деректер бойынша 30,4 млрд. АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың шетел валютасындағы валюталық активтері мамыр айының соңында 62,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Жалпы халықаралық резервтер 93,1 млрд. АҚШ долларын немесе ІЖӨ-нің 66%-ын құрайды.

Д. Ақышев: «Экономикадағы іскерлік белсенділік жандануда»

Экономиканың базалық салалары бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикаторы өсу 2017 жылғы сәуірдің деректері бойынша соңғы 3 жылдағы ең жоғары мәнге – 107,1%-ға жетті. Халық арасында экономикалық перспективаларға қатысты жүргізілген пікіртерімнің деректері экономикалық агенттерде оң тұрақты күтулердің болуын растайды. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында телевизиялық БАҚ үшін өткен брифингте сөйлеген сөзінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Оның айтуынша, «тұтынушылық сұраныстың біртіндеп өсуі байқалып отыр. Қаңтар-наурызда халықтың нақты кірістері 2,4%-ға өсті, бұл негізінен әлеуметтік төлемдер мен зейнетақының ұлғаюымен түсіндіріледі, – деп түсіндірді Д. Ақышев. – Қазақстан экономикасының өсуін қолдаған сыртқы факторлардың әсер еткенін атап өтемін. Мұнайдың әлемдік бағасы айдың көп бөлігінде шамалы өскенін көрсете отырып, мамыр айында бір баррель үшін 48-54 доллар аралығында болды».

Ақша-кредит талаптарына қатысты айтатын болсақ, онда Д. Ақышевтың айтуынша, базалық мөлшерлеме төмендегеннен кейін олар қалыпты-қатаң деңгейден бейтарап деңгейге дейін жұмсаруда.

«Біріншіден, теңгенің толық бағаланбаған нақты бағамы Қазақстанның өндірушілеріне бағалай қолдау көрсетуін жалғастырып отыр. Екіншіден, нақты пайыздық мөлшерлеменің деңгейі төмендеуде. Бұл банктердің кредиттік ресурстарға деген сұранысына қолдауды қамтамасыз етеді», – деді Д. Ақышев.

Ол, банк секторында артық өтімділік болған жағдайда Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттар шығаратынын атап өтті. Бұл ретте ноттар кірістілігінің төмендеу үрдісі сақталады. Мамыр айында мерзімдері әртүрлі кірістіліктің төмендеуі 0,11% – 0,28% аралығында болды. Бұл құбылыс, оның айтуы бойынша, экономиканың нақты секторына қаржы ресурстарының артық ағыны үшін жағдай жасайды.

Ол сондай-ақ, «өтімділіктің құрылымдық профициті ақша нарығы мөлшерлемелерінің мөлшерлемелер дәлізінің төменгі шегінде болатынын дәлелдейді, бұл де-фактоның ақша-кредит талаптарының тіпті базалық мөлшерлеме өзгермеген кезде де әлсірейтінін білдіреді», – деп атап өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz